

**Мутанова Динара Юлдашбаевнаның 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған «Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін дамыту» тақырыбында жазылған диссертациялық зерттеуіне ресми рецензенттің**

## **П І К І Р І**

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылыми техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.**

Жаһандану дәуірі - әлемдегі елдердің бәсекелестік жағдайында халықаралық деңгейде өзара кірігу үрдістерінің жандану дәуірінде болғандықтан, білім – пайдалы инвестиция саласы ретінде еліміздің экономикалық, әлеуметтік және саяси даму тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Өз кезегінде мұғалімдер бәсекеге қабілеттілігі әлеуметтік-экономикалық, техникалық жүйелердің және технологиялардың бәсекеге қабілеттілігімен анықталады.

Білім берудің мақсаты - әлемдік білім беру стандарттарына сәйкес келетін білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз етуге, болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениеті мен құзыреттіліктерін дамытуға, кәсіптік білім беру бағдарламаларын меңгеруге дайын, жеке және қоғамдық мүдделерді үйлестіре білетін бәсекеге қабілетті, шығармашылық тұлғаны қалыптастыру.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Бәсекелік қабілет дегеніміз - ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, ақпараттық сауаттылық, мәдени түсіністік (толеранттылық) сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында» деп, білім берудегі басымдықтар өзектілігі көрсетілген.

Болашақ ағылшын тілі мұғалімдері коммуникативтік мәдениетті меңгеріп, оны әрі қарай дамыта алатын тұлға болып қалыптасу үшін кәсіби білім мен білік және дағдыларды меңгерген, жоғары мотивацияға мен коммуникативтік құзыреттілік, толеранттылық, эмпатияға ие, шығармашылық іс-әрекетке қызығушылығы қалыптасқан, ұшқыр ойлы, әрі бәсекеге қабілетті болуы тиіс.

Соңғы он жылда инновациялық білім беруді зерттеуші теоретиктер мен практиктер болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінде анықталған білімдер мен біліктері, коммуникативтік мәдениеті мен креативтілігінің қалыптасып,

дамуын ғана емес, оларды тәжірибеде қолдану қабілеттілігінің, нақты жағдайда бәсекеге қабілетті жаңа өнім жасақтау, яғни кәсіби маман даярлау қажеттілігін айтуда. Болашақ ағылшын тілі мұғалімін даярлау күрделі үдеріс, себебі бір жағынан өз мамандығы бойынша кәсіби пәндердің негіздері жөнінде терең білім беруге жағдай жасау, екінші жағынан оқушының тұлғасын дамытуға негізделген оқытудың қазіргі замануи оқыту технологиялармен болашақ маманды қаруландыру керек екендігі қарастырылған.

Сол себептен, ізденуші Мутанова Динара Юлдашбаевнаның «Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін дамыту» тақырыбындағы (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін даярлаған диссертациясының тақырыбы бүгінгі кезеңінде өте көкейкесті мәселелер қатарында.

## **2. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.**

Диссертант зерттеу мәселесін шешу мақсатында алдына 4 зерттеу міндетін қойған және зерттеу барысында 4 міндеттің де шешімін тапқан, 4 ғылыми нәтижеге қол жеткізген:

- болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін дамытудың ғылыми-практикалық алғышарттары анықталған;
- болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері анықталған;
- болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған;
- болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін дамытудың әдістемесі жасалып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексерілген.

Ізденушінің зерттеу мақсатына жетуде алған ғылыми нәтижелері мен тұжырымдамаларының негізділігі мен шынайылығын оның теориялық тұрғыда негізделуі мен ғылыми аппаратын құруда логикалық бірізділігінен көруге болады. Зерттеу міндеттерінің нақты анықталуы, зерттеу әдістерін тиімді пайдалануымен, тұжырымдалған әрбір нәтижелердің іс жүзінде дәлелденуі, зерттеу барысында алынған мәліметтердің сандық және сапалық талдауы зерттеу жұмысына қорытынды жасай отырып, шынайылық дәрежесін қамтамасыз еткен.

## **3. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір Ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.**

Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір нәтижесі мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі төмендегідей:

Бірінші нәтиже, болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін дамытудың ғылыми-практикалық алғышарттары ретінде болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің

коммуникативтік мәдениетін дамыту мәселесінің психологиялық-педагогикалық әдебиеттердегі зерделену жайына байланысты ғылыми зерттеу бағыттары дәстүрлі-лингвистикалық, психоллингвистикалық, лингвопрагматикалық, риторикалық тәсілдері арқылы іске асырылған.

Екінші нәтиже, коммуникативтік мәдениеттің құраушылары болып коммуникативтік құзыреттілік, білім беру үдерісіне қатысушылармен тұлғааралық қарым-қатынастағы коммуникативтік толеранттылық, эмпатия, нәтижелі ұйымдастырушылық-коммуникативтік іс-әрекетке бейімділік таңдап алынған.

Үшінші нәтиже, болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі *мотивациялық, когнитивтік, мінез-құлықтық* құраушылардан тұрады. Коммуникативтік мәдениетке қажеттіліктің, мотивацияның болуымен, мәдениеттің феномен және кәсіби тұлғалық сапа тұрғысынан коммуникативтік мәдениет бойынша білімдер мен түсініктерінің кеңеюімен, оны кәсіби тұлғалық іс-әрекетте көрсете алу іскерлік, дағдыларымен, өзіндік дамуын іске асыра алуымен өлшенеді. Осы өлшемдерге сәйкес көрсеткіштер *төмен, орта, жоғары* деңгейлерді белгілейді.

Төртінші нәтиже, болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениеті дамыту әдістемесінің мазмұны тұлғалық-дамытушылық, дидактикалық, ұйымдастырушылық шарттар негізінде жүзеге асырылған.

#### **4. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.**

Ізденушінің зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелері мен жасаған қорытындылары мазмұнды құралған ішкі біртұтастылығымен ерекшеленеді. Зерттеу жұмысының құндылығы диссертация құрылымының нақтылығымен, ондағы 3 тараудан тұратын әрбір бөлімдердің өзара идеялық, логикалық байланыстылығымен және автордың теория мен практикаға еңгізген ғылыми жаңалықтарымен сипатталады. Диссертацияны Қазақстандық педагогика ғылымы үшін маңызы бар еңбек деп айтуымызға болады. Өйткені мұнда педагогика ғылымы тұрғысынан бүгінгі күндегі көкейкесті мәселе алғаш рет теориялық-әдіснамалық тұрғыда шешімін тауып отыр. Сондықтан оның нәтижелерін оқу-тәрбие ісінің теориясы мен тәжірибесінде пайдалануға болады.

#### **5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтылығына растама.**

Ғылыми зерттеу нәтижелері бойынша барлығы Д.Ю.Мутанованың 24 еңбегі жарық көрген: 4 мақала ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 - Scopus базасына енген шетелдік журналда, 19 - халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар

жинақтарында және ғылыми басылымдарда жарияланған; «English for philology specialists», «Креативті педагогика» оқу құралдары, «Let's improve our communication in English» атты оқу-әдістемелік құралдары жарық көрген.

#### **6. Диссертацияның мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.**

Динара Юлдашбаевна Мутанованың (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациялық жұмысын толық аяқталған, жоғары дәрежеде орындалған жұмыс деп тұжырымдай келе, жоғарыда көрсетілген жетістіктермен қатар, диссертациялық жұмыстың мазмұны мен рәсімделуінде кеткен кейбір кемшіліктер де кездеседі:

1. Зерттеу жұмысында коммуникативтік мәдениет туралы отандық ғалымдардың еңбектерін көптеп қарастыру керек еді.

2. Зерттеу жұмысында шеттілді оқытуға арналған жаңартылған әдістемелер көбірек қолданылуы керек еді.

3. Аталған тақырып бойынша талдаған зерттеу жұмысын тек болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің аясында емес, басқада да мамандықтар шеңберінде қарастырылғанда, жұмыстың ауқымдылығы кеңейе түсер еді.

#### **7. Диссертацияның Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сәйкестігі.**

Жоғарыда көрсетілген кемшіліктерге қарамастан, ғылыми жұмыс талаптарға сай жазылған еңбек деп табылады. Ол жұмыс педагогика және психология саласындағы зерттеулерге қойылған қазіргі заман талаптарын қанағаттандырады деп санаймын. Ойткені еңбектің ғылыми-теориялық және практикалық тұрғыда үлкен маңызға ие бүгінгі күннің өзекті мәселесі жан-жақты шешілген.

Динара Юлдашбаевна Мутанованың «Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін дамыту» атты диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің талаптарына сәйкес орындалған жұмыс деп санаймын. Ізденуші Мутанова Динара Юлдашбаевнаға 6D010300 - Педагогика және психология мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін беруге болады деп есептеймін.

**Ресми рецензент:  
PhD доктор**



**Д.Д. Тектибаева**